

А. Әліпбаев*, Б. Бюжеева, Б. Балаубаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: alipbayev19@gmail.com; bbuzeeva@gmail.com; binur77@mail.ru)

XXI ғасырдың басындағы Түркия мен Ресей арасындағы әскери қатынастардың кейбір астарлары

Бүгінгі күні Түрік Республикасы мен Ресей Федерациясы Еуразиядағы, сондай-ақ Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастардың ықпалды акторларына айналғаны айқын. Соңғы онжылдықта Түркия да, Ресей де 90-жылдармен салыстырғанда екі елдің өзара тәуелділік дәрежесін күшейтетін салыстырмалы түрдегі саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеулерге қол жеткізді. Сонымен бірге Түркия бірқатар экономикалық және саяси дағдарыстарға тап болып жатқан кезде, Ресей нарықтық қатынастарға өту кезіндегі қиындықтарды бастан өткізіп жатты. Дегенмен өсіп келе жатқан экономикалық күш екіжақты байланыстардың нығайуына ықпал етіп қана қоймай, екі елдің де халықаралық алаңда белсенді рөл атқаруына деген ұмтылысын арттыра түскен еді. Осы орайда мақалада Түркия мен Ресей арасындағы әскери-саяси саладағы қарым-қатынастардың соңғы кезеңдегі деңгейінің арта түсуінің мәні мен салдары жан-жақты қарастырылған. Екі елдің әскери саладағы қатынастарына деген кейбір жетекші мемлекеттердің саяси ұстанымы, НАТО-ның өз мүшесі болып табылатын Түркияның іс-әрекеттеріне деген көзқарастары да мақалада назардан тыс қалмайды.

Кілт сөздер: Түркия, Ресей, халықаралық қатынастар, әскери-саяси сала, НАТО, қару-жарақ, геосаясат, келісім.

Kipicne

Әлемдік саясаттағы түрік-ресейлік қарым-қатынастар әрқилы десе болады. Біріншіден, бұлардың арасындағы екіжақты қатынастарда аймақтық интеграцияның әр түрлі деңгейіне орай мемлекеттер арасында айтарлықтай экономикалық өзара тәуелділік байқалады. Екіншіден, өсіп келе жатқан экономикалық өзара тәуелділік жалғасып жатқан саяси қақтығыстар мен геосаяси бәсекелестіктермен қатар өмір сүруде. Түркия мен Ресей елдерінің XXI ғасырдың басындағы серпінді экономикалық серіктестік құруға ұмтылысы және өсіп келе жатқан өзара тәуелділігі, бірнеше ғасырлар бойғы екі елдің арасындағы қарама-қайшылықты қатынастар үрдісіне қайшы келді [1]. Өйткені Түркия мен Ресей геосаяси тұрғыдан алғанда ежелден бері мықты қарсыластар және әлемдік саясаттың негізгі акторларының бірі. Бұл екі қатысушы екіжақты қатынастардың бүкіл тарихында бір-бірімен бақталасып келді, сондай-ақ өздері ықпал ететін өңір деп санайтын аймақтардағы әр түрлі субъектілерді нығайту үшін тепе-теңдік ролінде болды.

Екі мемлекет батыстық мемлекеттер тарапынан ұлттық мүдделеріне елеулі қауіп төнген жағдайда, бір-бірімен жақындасу арқылы Батыстың күшін теңестіруге тырысты. Бұл XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы кезеңде ерекше маңызға ие болған еді. Тарихтың сол дәуірінде Түркия Ресеймен ішкі және сыртқы саясат саласында көптеген мәселелер мен серіктестіктер бойынша жұмыс жасап, ынтымақтастықты нығайтқаны белгілі [2].

Түрік-орыс әскери-саяси байланыстары 1920 жылы сәуірде Түрік Республикасының негізін қалаушы Мұстафа Кемал Ататүрік Ресеймен дипломатиялық қатынастар орнатып, Анкараға әскери көмек көрсету туралы өтінішпен жүгінген кезінде басталды. Түркияға жасалған сол кездегі ресейлік көмек Ататүріктің ұлт-азаттық соғыста жеңіске жетуінде өзіндік рөл атқарған еді. Алайда Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде саяси жағдай өзгерген болатын. Атап айтқанда, Түркияның коммунистік ағымға қарсы бағыттың алдыңғы қатарына шығуы, оның Батысты қолдаған сыртқы саясатының айнасы еді.

Ол 1947 жылғы Трумэн доктринасының сипатымен, Корей соғысы кезіндегі Кеңестер Одағы мен Түркияның қарама-қайшы тараптарда болуымен дәйектеледі [3]. Яғни Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан бастап 1991 жылғы дейін Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы мен Түрік Республикасының арасында әскери-саяси салада тығыз байланыстар іс-жүзінде жүргізілмеді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: alipbayev19@gmail.com

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдырағаннан кейін ғана түрік-орыс екіжақты ынтымақтастық жалғасын тапты. Осы кезеңнен бастап ынтымақтасып келе жатқан түрік-орыс қатынастары шиеленіссіз болса да, геосаяси бәсекелестіктері әрдайым байқалып қалады.

Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін Түркия үкіметі Ресей Федерациясымен энергетика, сауда, экономика және әскери салаларда кең және тұрақты қатынастар орнатуға көп күш салды. Осы орайда 1998-2002 жылдары Түркияның Мәскеудегі елшісі болған Наби Шенсой өзінің басылымда берген сұхбатында: «1990 жылдардың басында әлемде болған тарихи өзгерістер нәтижесінде екі елдің қарым-қатынасы мүлде жаңа деңгейге көтерілді және екі елдің бес ғасырлық тарихында болмаған дипломатиялық қатынас негізінде достық пен ынтымақтастық дами түсті», - дейді [4].

Дегенмен де түрік-орыс қатынастарындағы өсіп келе жатқан сауда қатынастары мен батысқа қарсы «өзара дос» негізінде қалыптасқан байланыстар жалпы геосаяси күрестің алдын ала алмады. Мұның ең айқын мысалы Сириядағы дағдарыс кезіндегі түрік-орыс ұстанымдары. Сириядағы азаматтық соғыс кезінде Түркия мен Ресей әртүрлі жағдайларға тап болды, тіпті олардың сенімді күштерінің әскери қақтығыстарына дейін баруы. Геосаяси дүниетанымындағы айырмашылықтар екі мемлекеттің араб революцияларына, атап айтқанда Сирия дағдарысына деген саяси көзқарастарынан көрінді [5]. Түркия өзін араб әлемінде «демократия құралы» ретінде көрсетуге тырысқанымен, Түркияның ішкі демократиялық әлсіз жақтары және Сирия істеріне шамадан тыс қатысуы Таяу Шығыстағы сыртқы саясатына елеулі шектеулік тудырды. Ал Ресей болса бұл аймақтағы дағдарыста Сириядағы Башар Асад билігін ашық қолдады. Ал Қара теңіздегі әскери тепе-теңдікті қорғау тұрғысынан Түркияның ұлттық мүдделері әрдайым басымдық ретінде қарастырылмаса да, Ресейдің әскери қатысуын шектеу үшін маңызды қадам ретінде қарастырылды. Анкара бірнеше рет Ресей тарапынан Украинаның Қырым аумағын қосып алғанын айыптады, сондай-ақ ол аумақтық тұтастықты атап өтсе де, Ресейге қарсы батыстық санкцияларға қатыспады.

Сондықтан да екі елдің саяси бағыттарындағы айырмашылықтар олардың сауда және инвестициялық байланыстар негізінде құрылған экономикалық серіктестігіне тежеу бола қойған жоқ. Сонымен бірге Түркия-Ресей қатынастарында энергетикалық ресурстар да өзекті салалардың қатарында. Соңғы жылдары Түркия мен Ресей кейбір қайшылықтарына қарамастан, стратегиялық маңызы бар мәселелер бойынша, нақты айтқанда «Түрік ағыны» газ құбырының құрылысы, ресейлік С-400 әуе қорғаныс жүйелерін сатып алу және басқа да келісімдерге келген сияқты болды.

Теориялық-әдістемелік негізі

Түркия мен Ресей арасындағы әскери-саяси саладағы қарым-қатынастарды зерделеу барысында бихевиоризм, институционализм, сондай-ақ статистикалық, саяси-құқықтық және әртүрлі сараптамалық бағалау технологиялары кеңінен пайдаланылды. Сонымен бірге екі ел мүдделерінің арасындағы қарама-қайшылықтары мен тоғысуларын жан-жақты қарастыруға мүмкіндік туғызған аналитикалық тәсілді де атап өтуге болады. Ал Түркия мен Ресейдің әрқилы әскери-саяси, экономикалық бағыттары мен басымдықтарын бір-бірімен салыстырмайынша, оларды толыққанды түсіну және олардың ұстанымдарының ішкі мәнін ұғына қою мүмкін емес десе болады. Сондықтан да мәселені теоретикалық және әдістемелік тұрғыдан зерттеудің негізін ең алдымен салыстырмалы сараптамалар құрады. Салыстырмалы сараптама өз кезегінде тарихи шолумен толықтырылды. Оның қажеттілігі екі елдің қазіргі кезеңдегі саяси басымдықтарын жақсырақ түсіну үшін нақтылы тарихына үнілумен дәйектеледі. Сол себепті мәселені талдау барысында тарихи әдістеме кеңінен қолданылды.

Бүгінгі Түркия мен Ресей қатынастарының халықаралық қатынастар жүйесіндегі алатын орны мен рөлін зерттеудің әдістемелік негізі ретінде сондай-ақ диалектикалық әдістермен бірге жүйелі сараптау әдісі де қолданылды. Бұл жерде сарапталынатын жаһандану жағдайындағы бір-біріне деген қызығушылық танытуы негізінен өзіне тән қарқындылығымен және өзара тәуелділігімен ерекшеленді.

Пікірсапан

Түркия Ресеймен әскери-техникалық салада қарым-қатынас бастаған алғашқы НАТО елі десе болады. Түркияның Ресеймен әскери-техникалық саладағы қарым-қатынастарының бастауы НАТО елдері тарапынан қолдау таппады. Қырғи-қабақ соғысы кезінде қалыптасқан саяси ұстанымнан бір сәтте арыла қою да оңай емес еді. Ал Түркия болса өзінің қауіпсіздігін жан-жақты қамтамасыз ету мақсатында бұған дейін де НАТО-ға қатысты емес қорғаныс қажеттіліктеріне көшуде. Бұл тұрғыда ең жақын мысалдар Израиль мен Оңтүстік Корея болды. Бүгінгі күні Оңтүстік Корея Түркияның

қорғаныс өнеркәсібінің негізгі серіктестерінің бірі. Дегенмен олар Батыс әлеміне жақын елдер болып табылады. Ал Ресей Батыс үшін ең көкейкесті мәселе және бәсекелес ел екендігі белгілі. Ресейдің осы жылдың ақпан айының соңынан бастап Украина еліне жасап жатқан әскери басқыншылық әрекеттері Батыс пен Ресей арасының жігін тіпті ажырата түсуде. Олай болса бұған дейін қалыптасқан Анкараның Мәскеумен қорғаныс серіктестігі трансатлантикалық қоғамдастықтың көзқарасы бойынша НАТО-дан тыс нұсқа ретінде ғана емес, НАТО-ға қарсы бағытталған нұсқа ретінде қарастырылуы әбден ықтимал.

Жалпы әскери-техникалық саладағы түрік-ресейлік қатынастар 1990 жылдардың басында басталған дедік. Өйткені 1992 жылы Түркия-Ресей әскери-техникалық ынтымақтастығы екі мемлекеттің сол кездегі президенттері Б. Ельцин мен Т. Озалдың Мәскеу мен Ыстамбұлдағы кездесулерінде жаңа серпін алды, онда Түркияны 300 миллион америкалық долларын құрайтын қару-жарақ пен әскери техникамен қамтамасыз ету туралы келісім жасалды. Олардың қатарында тікұшақтармен бірге бронды транспортерлер, пулеметтер, гранатометтер мен мылтықтар болды [6]. 1993 жылы мамыр айында тараптар Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Әскери-техникалық ынтымақтастық туралы түрік-орыс меморандумының аясында Түркия танктердің бронды қорғанысын жақсарту және олардың өрттен шығу сипаттамаларын күшейту, оқ-дәрілер мен қару-жарақтарды, әскери техникалық құрал-жабдықтар өндірісі, ескірген қаруларды жаңарту технологияларын қамтамасыз етуге ниетті болған еді. Сол ретте 1994 жылы «Әскери-техникалық және қорғаныс өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қояды [7]. Ал 2000 жылдың мамыр айында Анкарада түрік-орыс әскери-техникалық ынтымақтастық туралы екіжақты келіссөздер өтті. Келіссөздің негізгі мақсаты Түркия мен Ресей 145 шабуыл тікұшақтарын бірлесіп өндіру туралы келісімге келу болатын. Осындай келіссөздердің нәтижесінде ресейлік тарап жерүсті, жердегі және әуе нысандарына жоғары дәлдікте тигізе алатын «Вихр» қару-жарақ жүйесін өндіруге Түркияға лицензия беруге дайын болды [8].

1992-1993 жылдардағы келісімдерге және үкіметаралық хаттамаларға сәйкес Жандармерия Әскерлерінің Бас басқармасы мен Ұлттық қорғаныс министрлігі түрік тарапына жалпы сомасы шамамен 190 миллион америкалық долларды құрайтын БТР-60 және БТР-80 әскери техникаларын, Ми-17 тікұшақтарын, 4 көмекші кемелерді, пулеметтерді, мергендік мылтықтарды, оқ-дәрілерді жеткізді [9]. Бұл Ресей тарапынан Түркия алдындағы мемлекеттік қарызын өтеу мақсатында жасалған іс-әрекеттері еді. Сонымен бірге қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағыты бойынша Түркия мен Ресей арасында лаңкестікке қарсы күреске қатысты бірнеше құжаттарға қол қойылған болатын.

1992 жылғы 30 қазанда «Ресейдің Ішкі істер министрлігі мен Түркияның Ішкі істер министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісім», 1996 жылғы 18 желтоқсандағы «Екі елдің үкіметтері арасындағы лаңкестікке қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы меморандум», сонымен бірге 1999 жылғы 5 қарашадағы «Лаңкестікке қарсы тұру туралы Түркия-Ресей декларациясын» атап өтуге болады [10]. Осы бағыттың жалғасы ретінде 2021 жылдың шілдесінде Түркия мен Ресей 2021-2022 жылдарға арналған лаңкестікке қарсы және ақпараттық технологиялар саласындағы қылмысқа қарсы тұру туралы келісімге қол қойды. Осылайша, Түркия мен Ресей халықаралық лаңкестікке қарсы тұрудың қажетті заңнамалық негізімен бірге әскери саладағы ынтымақтастығын да қалыптастырды. Бұл екі ел арасындағы қатынастардың кең ауқымының өте маңызды саласының бірі болды.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы лаңкестік әрекеттерден кейін қалыптасқан жаңа халықаралық жағдайда лаңкестікке қарсы күрес маңызды орынға шыққанын білеміз. 11 қыркүйектегі оқиғалар Түркия мен Ресейдің де осы мәселе бойынша ұстанымдарын жақындастырды.

Ресей Федерациясы президентінің көмекшісі және Ресей Федерациясының Түркиядағы әкімшілігінің ақпарат бөлімі басшысының айтуынша, 11 қыркүйектен кейін олар Ресейдің халықаралық лаңкестікке қатысты ұстанымына жаңа көзқараспен қарай бастаған [11]. Соған орай 2002 жылы 24 қаңтарда Мәскеуде лаңкестікке қарсы мәселелер бойынша түрік-ресей пікірталасулары өтті. Лаңкестікке қарсы күрестегі ынтымақтастықтың кеңеюі екі ел арасындағы қатынастарды дамытудың жаңа бағытына жол ашты.

Жалпы Түркия мен Ресейдің ортақ мүдделері екі елді де саяси қатынастармен бірге экономикалық ынтымақтастыққа да итермеледі. ХХІ ғасырдың басында Түрік Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында достық және жан-жақты серіктестікті тереңдету туралы Бірлескен декларациясы қабылданды. Бұл саяси және экономикалық байланыстардың жаңа кезеңдегі қарқынды дамуына себепші болды. Осыған орай әскери және қауіпсіздік салаларындағы байланыстардың

айтарлықтай қарқын алуы байқалды. Қара теңіздегі Түркия мен Ресей әскери-теңіз күштері аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ынтымақтастық орнатты. 2009 жылдың қаңтарында түрік-ресей әскери-теңіз жаттығуларының өткізілуі де екіжақты тығыз қатынастардың деңгейін көрсетті. Байланыстың нығая түсуінің нәтижесінде Түркияға Ресей әскери кәсіпорындары қару-жарақ жеткізе бастады, өйткені бұл Батыс ұсына алмайтын ресейлік жаңа әскери технологиялары болатын. Мұның бәрі түрік-ресейлік саяси және әскери ынтымақтастықтың нақты даму үстінде болғандығының айғағы еді.

Сонымен қатар Түркия Кавказ аймағындағы шиеленістерге қатысты бітімгершілік рөлін атқаруға тырысып, 2008 жылдың тамызында барлық Кавказ аймағының мемлекеттерінің қатысуымен «Кавказдағы тұрақтылық пен ынтымақтастық платформасын» құруды ұсынды. Түрік Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында 2009 жылдың 6 тамыз күні бес келісім мен хаттамаға қол қойылды. Соның ішінде Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім де болды [12]. Түркия мен Ресей энергияның осы түрін пайдалану бойынша техникалық, ғылыми және экономикалық ынтымақтастықты, соның ішінде ғылыми әзірлемелер мен зерттеулерді, термоядролық синтезді, ғылыми-зерттеу және энергетикалық реакторларды салуды, бірлескен жобалар арқылы ядролық материалдармен қамтамасыз етуді, сарапшылармен алмасуды дамытуға талпынды.

Осы мақсатта «Ядролық апат туралы жедел хабарлау және ядролық қондырғылар туралы ақпарат алмасу жөнінде келісімге» қол қойылды [13]. Тараптар келісімге жататын ядролық қондырғылар тізімін анықтауға; радиациялық қауіпсіздікке қауіп төндіретін ядролық апаттар туралы ескерту; осы нысаналардың қауіпсіздікке ықтимал теріс әсерін бағалау үшін жылына бір рет ақпарат алмасу туралы, оны үшінші елдерге беруге болмайтындығын ескеруге келісті. Федералды кеден қызмет (Ресей Федерациясы) және Түрік Республикасының Кедендік департаменті арасындағы кедендік рәсімдер туралы меморандум жасалды [14]. Екіжақты жасалынған келісімдердің нәтижесінде жоғары деңгейдегі Ынтымақтастық кеңесі 2010 жылғы 12 мамыр күні құрылды.

Ресейлік «Атомэнергопроект» ААҚ 2010 жылы «Аккую» түрік атом электр стансасының құрылысын бастау туралы келісімге қол қойылғанымен, екіжақты қатынастардағы кейбір күрделі саяси жағдайларының әсерінен құрылыс жұмыстары 2018 жылы басталды. Оның төрт қондырғысының біріншісі 2023 жылы пайдалануға берілуі тиіс, ал қалған үшеуі 2024, 2025, 2026 жылдары осы кезектілікте толық аяқталуы керек. Алайда Ресейдің бүгінгі Украина еліне қатысты әскери басқыншылығының салдарынан, оның экономикалық қиыншылықтарға тап болуы, бұл белгіленген межеге де өзіндік өзгеріс енгізуі ықтимал. Жалпы атом энергетикасы саласындағы ынтымақтастық ресейлік мамандардың «Аккую» түрік атом электр стансасын салу жөніндегі ең ірі бірлескен жобасы аясында дами түсуде.

Ресей мен Батыс арасындағы қарама-қайшылықтардың тереңдей түсуі 2014 жылы Украинадағы саяси төңкерістің салдарынан Қырымды Ресейдің өзіне қосып алуы мен Донбасстағы ішкі саяси дағдарыстардан кейін басталды. Ал Түркия мен Ресей осы кезеңдерде бір-біріне деген қажеттіліктерді ескере отырып, АҚШ пен Еуропалық Одаққа қатысты саяси ұстанымдарының негізінде өзара ынтымақтастықтарын кеңейте түсуге ұмтылды.

2015 жылғы 16 қарашада екі ел басшылары Анталияда G20 саммиті аясында екіжақты кездесу өткізген болатын. Алайда, Түркия мен Ресейдің қарым-қатынасы 2015 жылғы 24 қарашада, Сириядағы саяси дағдарыс кезінде, ресейлік әскери әуе ұшағын түріктік әуе кеңістігін бұзды деп түрік тарапынан жойып жіберуі, екіжақты қатынастардың күрт төмендеп кетуіне себепші болды. Бұл жеті ай бойы екі ел арасындағы байланыстың іс жүзінде «тоқтатылуына» әкелді. Арада бір жылдай уақыт өткеннен соң, нақты 2016 жылдың маусым айында Түрік Республикасының президенті Ресей Федерациясының президентіне жіберген жеке жолдауында екіжақты қатынастарды қалпына келтіруге қызығушылық білдіріп, апатқа тап болған ресейлік ұшқыштың қазасы үшін өкінішін білдірген болатын. Осы байланыстан кейін ғана екіжақты қарым-қатынастар кезең-кезеңімен қайтадан қалпына келтіру үрдісін бастан өткерді. Соның нәтижесінде соңғы жылдары Түркия Ресейдің негізгі сыртқы экономикалық серіктестерінің біріне айналуда.

2017 жылдың қыркүйегінде Ресеймен қол қойылған әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері туралы келісім екі ел арасындағы әскери ынтымақтастықтағы маңызды кезең ретінде қарастырылады. Түркия Ресейден С-400 жүйелерін сатып алуы мүмкін екенін жариялаған болатын. С-400 жүйелері өте қабілетті екендігі әлемге әйгілі еді. С-400 Триумф — бұл қазіргі заманғы әуе күштері қаруларының барлық түрлерін, оның ішінде бесінші буынды ұшақтарды, сондай-ақ максималды 250

шақырымдағы баллистикалық зымырандарды қабылдауға қабілетті зымыранға қарсы қорғаныс жүйесі. Сегіз батальоннан тұратын кешен ресми түрде 80 нысанаға жетуі мүмкін. С-400 төрт түрлі снарядтармен жабдықталған, олардың ішінде өте ұзақ қашықтық 40N6, олар 400 км-ге дейін созылған. Сондай-ақ ұзақ қашықтықтағы 48N6 (250 км), орташа қашықтықтағы 9M96E2 (120 км) және 9M96E (40 км) қысқа қашықтықтағы зымырандар бар [15]. Бұл НАТО үшін қолайсыз қадам еді, өйткені бұл НАТО-ның қауіпсіздік жүйесінде айтарлықтай алшақтықты тудырады.

Сонымен қатар Түрік Республикасы мен Ресей Федерациясының қорғаныс саласындағы әлеуетті ынтымақтастығы лаңкестікке қарсы бірлескен күреске немесе ақпарат алмасуға және екі елдегі лаңкестік шабуылдарының алдын алуға негізделеді.

Әрине, ең маңызды қадам түріктік шенеуніктердің С-400 қорғаныс жүйесін сатып алуы туралы хабарлауы болды. С-400-нің ықтимал сатып алынуы, әрине Түркия мен НАТО арасындағы қатынастардың салқындауын білдіреді. Бірақ, сонымен бірге Түрік Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы қатынастардың жақсара түскендігінің белгісі еді [16].

Аймақтағы саяси тұрақсыздықтарға орай Түркияның ұлттық әуе қорғаныс жүйесін дамыту технологиялық жағынан да, экономикалық жағынан да маңызды болатын. Осы себептерге байланысты Анкара бұл жүйеге ие болғаннан кейін, оның автономды түрде қолданылатынын мәлімдеді. Алайда, мұндай зымырандарға қарсы жүйелер бөлек қолданылған кезде олардың мүмкіндіктері айтарлықтай төмендейді [17]. Түркияның зымыранға қарсы ресейлік қорғаныс жүйесін пайдалану мүмкіндігі Түркиядағы батыстық сарапшылардың пікірінше НАТО-ға қарсы Ресейдің маңызды стратегиялық сәті деп түсіндірілді, бұл Батыс тарапынан аландаушылық пен айыптауларға қуат берді [18]. Түркияның ресейлік С-400 әуе қорғаныс жүйесін сатып алуы саяси таңқаларлық жағдай еді. Түркиянің бұған дейін Ресейден біраз қару-жарақ сатып алғанын айттық, бірақ «Триумфты» сатып алуы екі ел арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастық саласындағы нақты жетістік десе болады. Түрік-ресейлік қорғаныс ынтымақтастығының болашақтағы бағыттары мен Су-57 және Су-35 ұшақтарын сатып алудан бастап С-500 бірлескен өндірісіне дейінгі ынтымақтастығы туралы көптеген идеялар айтылған. Кейбір сарапшылардың пікірінше С-400 қысқа және орта қашықтықтағы әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері келісімі толыққанды іске асырылса, көп деңгейлі әуе қорғаныс құрылымы толықтай қамтамасыз етіледі [19]. Алайда, Америка Құрама Штаттары Түркияны алдымен осы әскери кешендерді жеткізуді тоқтатуға, содан кейін олар ресейлік әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерін «НАТО әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерімен біріктіруге болмайды» деп ескертті. Мұндай ескертулерге Анкара НАТО-ның мүшесі болып табылатын Грекияда да «НАТО-ның бірыңғай Әуе қорғаныс жүйелеріне кедергі жасамайтын» С-400 ресейлік басқа да кешендер бар екенін еске салып, С-300-ден бас тартпайтынын мәлімдеген болатын. АҚШ бұл ынтымақтастыққа жауап ретінде Ресейге қарсы санкциялар енгізіп, Түркияны F-35 бағдарламасынан шығарып, түріктік қорғаныс өнеркәсібі басшылығының шоттарын бұғаттады [20].

Дегенмен де, жалпы Түркияның қорғаныс өнеркәсібі ұлттық қару-жарақ жүйесін дамыту мен өндіруде айтарлықтай жетістіктерге жетуде. Түркияның ұлттық қорғаныс өнеркәсібі бүгінде жоғары дәрежелі қару-жарақ шығарады, сәтті экспорттауда, әрі кейбір салаларда тіпті артып та кетуде. Сондықтан Анкараның қорғаныс модернизациясының басты қажеттілігі — бұл озық технологиялар мен стратегиялық қару жүйелері болып саналады. Алайда дамып келе жатқан ұлттық әскери-өнеркәсіптік кешенде стратегиялық ұзақ қашықтықтағы жерүсті жүйелері тапшы. Мәскеудің С-400 туралы ұсынысы осы жетіспеушілікті ескеріп, Анкараның әдеттегі НАТО одақтастарымен орын алған кейбір келіспеушіліктерін пайдаланып қалуға бағытталғандығы белгілі. Түркия үшін Ресей тарапының талаптары, соның ішінде тиісті технологиялардың түрік тарапына берілуі, үшінші елдердің нарығы, көлік құралдарын пайдалануға шектеулердің болмауы және баға өлшемдері америкалықтарға қарағанда анағұрлым тиімді болуында. Өз кезегінде Түркия үшін де Ресеймен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы өте маңызды болып саналады.

2020 жылдың 14 қаңтары әскери саладағы екіжақты қарым-қатынастардың жаңа кезеңінің бастамасы болды. Бұл күні екі елдің әскери ведомстволары арасындағы екіжақты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Дегенмен Түркия мен Ресей арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың болашағы объективті шектеулерге де ие. Оларға НАТО стандарттарын Түркияда қолдану және тараптардың қаржылық қиындықтары жатады. Сонымен бірге бұған Түркияның әскери және саяси шеңберлерінде мықты ұстанымдары бар АҚШ-тың және Батыс елдерінің басым бәсекелестігін қосса болады.

Қорытынды

XXI ғасырдың басындағы түрік-орыс қатынастарын «нақты жақындасу» деп атауға болады, яғни күдік пен достықтың үйлесімі іспеттес. «Нақты жақындасу» үдерісі екі маңызды, бірақ диаметралды карама-қарсы бағыттар арқылы қолданылды: бір жағынан, бақыланатын геосаяси бәсекелестік, екінші жағынан өзара тәуелділікпен шектесетін ерекше экономикалық ынтымақтастық.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Ресей үшін күрделі кезеңдерде Түркияның Эксимбанкі Ресей Федерациясына азық-түлік және басқа да қажетті тауарлар жетізуге, сондай-ақ өнеркәсіптік және басқа объектілерді салуға Ресей тарапына айтарлықтай несиелер берген болатын. Бұл кейіннен Ресейде маңызды инвестициялық қызметке ауысқан ресейлік құрылыс қызметтері нарығындағы түрік компанияларының белсенді қызмет атқаруына негіз болды. Алайда осы кезеңдегі Түркияның Кавказ және Орталық Азиядағы белсенді сыртқы саясаты Ресейді алаңдата бастаған еді. Өйткені Мәскеу өзінің стратегиялық мүдделері тұрғысынан Кавказ және Орталық Азияны өзінің дәстүрлі ықпал ету аймағы деп санап келді. Соған орай 1993 жылдан бастап Түркия мен Ресей арасындағы геосаяси бәсекелестік ерекше байқалады. Кавказдағы ұлтаралық немесе этникалық қақтығыстарға қатысты мәселелерде түрік және орыс көзқарастары да әртүрлі болды. Мұндай айырмашылықтар Таулы Қарабах пен Абхазиядағы қақтығыстардың көрінісінде де байқалды. С-300 әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесі, Қара теңіз жағалауындағы мәселелер, Каспий мұнайын тасымалдауға арналған құбырлар туралы түсініспеушіліктер және шешен мен күрд мәселелері карама-қайшылықтардың күрделі мәселелеріне айналғаны белгілі. Ал 1990 жылдардың соңына таяу екі ел арасындағы қарым-қатынастар «жақындасумен» сипатталады.

Екі ел де саяси қатынастарды қалпына келтіру үшін бірқатар шаралар қабылдады. Бұл кезеңде өзара тиімді мүдделер мен ауқымды экономикалық қатынастар үлкен рөл атқара бастады. Түркия мен Ресей шиеленісті саяси қатынастарды реттеу үшін экономикалық байланыстарды дамыту жолын таңдады десе болады. Энергетика, сауда және лаңкестікке қарсы ынтымақтастық — екі ел арасындағы қарым-қатынастардағы ең сындарлы бағыттар болып табылды. Анкара мен Мәскеу арасындағы жақындастырудың объективті факторлары әлі де елеулі әсер етуде. Таяу Шығыста маңызды стратегиялық позицияға ие және Қара теңіз бұғаздарын бақылайтын Түркияның саяси ұстанымын Ресей ескеруге мәжбүр. Қарым-қатынастарды дамыту үшін екіжақты диалог пен ресми сапарларға тиісті мән беруі қажет. Сонымен қатар, қарым-қатынастардың жақсаруы екі жақтың да өзара ынтымақтастықтарының айқын екендігін дәлелдеуге тікелей байланысты.

Түркия мен Ресей арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың болашағы зор сала — ғарыш саласындағы ынтымақтастық болуы ықтимал. Әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияның жұмысы аясында Түркия Әуе күштері қолбасшылығы, сондай-ақ Түркияның Аэроғарыш өнеркәсібі кәсіпорны осы саладағы ынтымақтастыққа қызығушылық танытуда.

XXI ғасырдың басында екі ел арасындағы қатынастарды стратегиялық ынтымақтастық деңгейіне көшіру идеясы Батыспен қарым-қатынастардың салдары болып табылады. Еуропалық одақтың Түркияны Одаққа қабылдаудан бас тартулары және Ресейдің халықаралық қатынастардың көпполярлы үлгісін жасауға алаңдауы екі елдің арасындағы экономикалық, сонымен бірге саяси қатынастардың одан әрі жақындаса түсуіне түрткі болды. Ал енді бүгінгі таңдағы Ресей Федерациясының Украина еліне қарсы жасап жатқан әскери басқыншылық іс-әрекеттері кезіндегі қару-жарақтарының сынақтан өтіп жатқан сапасы Түркия мемлекеті үшін өте маңызды деп есептеуге де болады. Сонымен бірге Ресейдің аймақтық саясатындағы ұмтылыстары да нақты айқындала түсті. Бұл екі ел арасындағы болашақтағы әскери-саяси қатынастарға өзіндік өзгеріс енгізуіне әкелері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Mustava A. Europe's New Region: The Black Sea in the Wider European Neighborhood / A. Mustava // South East European and Black Sea Studies. — 2005. — No. 2. — P. 257–283.
- 2 Samuel J.H. Anti-Westernism on the European Periphery: The Meaning of Soviet-Turkish Convergence in the 1930s / J.H. Samuel // Slavic Review. — 2013. — No. 72.1. — P. 32–53.
- 3 Onis Z. The Triumph of Conservative Globalism: The Political Economy of the AKP Era / Z. Onis // Turkish Studies. — 2012. — No. 2. — P. 135–152.
- 4 M. Meyer'n Turkiye'nin Moskova Buyukelcisi N. Sensoy ile yaptigi roportaj: Eski Dostuklar Yeniden Calaniyor // Dialog Avrasya. — 2002. — No. 6. — S.86.

- 5 Akturk S. Toward a Turkish Russian Axis? Conflicts in Georgia, Syria, and Ukraine, and Cooperation over Nuclear Energy / S. Akturk // Insight Turkey. — 2014. — No. 4. — P. 13–22.
- 6 Российско-турецкое военно-техническое сотрудничество [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://allturkey.narod.ru/armyusturk.htm>
- 7 Куртов А. Турция и тюркоязычные государства Центральной Азии: любовь по расчету / А. Куртов // Россия и Турция на пороге XXI века. — М., 1997. — С. 27.
- 8 Виноградов Б. Турецкий марш Ильи Клебанова / Б. Виноградов // Известия. — 2000. — 2 марта.
- 9 Коротченко И. Спрос на российское оружие будет расти / И. Коротченко // Независимое военное обозрение. — 2001. — 12 окт.
- 10 О динамике отношений между Российской Федерацией и Турецкой Республикой. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://web.archive.org/web/201111008150224/http://www.turkey.mid.ru/hron2_u.html
- 11 Заявления для прессы по итогам российско-турецких переговоров. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://kremlin.ru/events/president/transcripts/23674>.
- 12 Соглашение между правительством Российской Федерации и правительством Турецкой Республики о сотрудничестве в области использования атомной энергии в мирных целях. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf.
- 13 Соглашение между правительством Российской Федерации и правительством Турецкой Республики об оперативном оповещении о ядерной аварии и об обмене информацией о ядерных установках. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf.
- 14 Меморандум между Федеральной таможенной службой России и Таможенным департаментом Турецкой Республики по таможенным процедурам. [Электронный ресурс] — Режим доступа: http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf.
- 15 Turkey and Russia cozy up over missiles. The Economist. Retrieved from <https://www.economist.com/news/europe/21721665-their-friendship-should-worry-nato-turkey-and-russia-cozy-up-over-missiles>
- 16 Kasapoglu C. Why Turkey might buy Russia's S-400 defense system / C. Kasapoglu // Al Jazeera. — 2017. Retrieved from <https://www.aljazeera.com/indepth/opinion/2017/03/turkey-buy-russia-s400-missile-defense-system-170323131537509.html>
- 17 Sitki Egili. S-400 alimi, hava savunmasi, fuze savunmasi, NATO: Mitler ve Gercekler [Elektronik kaynak]. Erişim modu: <https://www.kokpit.aero/s400-sitki-egeli>
- 18 Daniels J. US relays concern to Turkey after NATO ally makes deposit to buy Russian defense system / J. Daniels // CNBC. — 2017. Retrieved from <https://www.cnbc.com/2017/09/12/us-turkish-ties-continue-to-deteriorate>
- 19 EDAM BLOG.13.05.2019. Turk-Rus Savunma Isbirliği: Sieasi-Askeri Kapsam, Beklentiler ve Limitler. [Elektronik kaynak]. Erişim modu: <https://edam.org.tr/turk-rus-savunma-isbirligi-sieasi-askeri-kapsam-beklentiler-ve-limitler/>.
- 20 Turkiye. S-400 hava savunma sisteminin isletilmesi icin eve Rus uzmanegitmen gonderecek [Elektronik kaynak]. Erişim modu: <https://tr.topwar.ru/183572-zarubezhnaja-pressa-turcija-sobiraetsja-otpravit-domoj-rossijskih-specialistov-instruktorov-pojekspluatacii-zrk-s-400.html>.

А. Алипбаев, Б. Бюжеева, Б. Балаубаева

Некоторые аспекты военных отношений между Турцией и Россией в начале XXI века

Сегодня очевидно, что Турецкая Республика и Российская Федерация стали влиятельными акторами международных отношений в Евразии, а также на Ближнем Востоке. За последнее десятилетие и Турция, и Россия достигли относительной политической стабильности и экономического процветания, что усилило степень взаимозависимости двух стран по сравнению с 90-м годом. В то же время, когда Россия испытывала трудности при переходе к рыночным отношениям, Турция столкнулась с рядом экономических и политических кризисов. Однако растущая экономическая сила не только способствовала укреплению двусторонних связей, но и усилила стремление обеих стран к активной роли на международном арене. В этой связи в статье подробно рассмотрены значение и последствия повышения уровня отношений между Турцией и Россией в военно-политической сфере за последние годы. Не остались без внимания и политическая позиция некоторых ведущих государств по отношению к отношениям двух стран в военной сфере, взгляды НАТО на действия Турции, членом которой она является.

Ключевые слова: Турция, Россия, международные отношения, военно-политическая сфера, НАТО, вооружение, геополитика, договор.

A. Alipbayev, B. Byuzheyeva, B. Balaubayeva

Byuzheyeva B. Some aspects of military relations between Turkey and Russia at the beginning of the XXI century

Today the Republic of Turkey and the Russian Federation have become influential actors in international relations in Eurasia and the Middle East. Over the past decade, both Turkey and Russia have achieved relative political stability and economic prosperity, which has increased the degree of interdependence between the two countries compared to the 90th year. At the same time, when Russia was experiencing difficulties in the transition to market relations, Turkey faced a number of economic and political crises. However, the growing economic strength not only contributed to the strengthening of bilateral ties, but also strengthened the desire of both countries to play an active role in the international arena. In this regard, the article examines in detail the significance and consequences of the increase in the level of relations between Turkey and Russia in the military-political sphere in recent years. The article does not ignore the political position of some leading states in relation to the relations of the two countries in the military sphere, the views of NATO on the actions of Turkey, of which it is a member.

Keywords: Turkey, Russia, International relations, military-political sphere, NATO, armament, geopolitics, treaty.

References

- 1 Mustava, A. (2005). Europe's New Region: The Black Sea in the Wider European Neighborhood. *South East European and Black Sea Studies*, 5.
- 2 Samuel, J.H. (2013). Anti-Westernism on the European Periphery: The Meaning of Soviet-Turkish Convergence in the 1930s. *Slavic Review* 72.1.
- 3 Öniş, Z. (2012). The Triumph of Conservative Globalism: The Political Economy of the AKP Era. *Turkish Studies* 13, 2.
- 4 M. Meyer'n Turkiye'nin Moskova Buyukelcisi N.Sensoy ile yaptigi roportaj: Eski Dostuklar Yeniden Calaniyor. [M.Meyer's interview with the Turkish Ambassador to Moscow N.Sensoy: Old friendships are being renewed]. *Dialog Avrasya – Dialogue Eurasia*, 6 [in Turkish].
- 5 Akturk, S. (2014). Toward a Turkish Russian Axis? Conflicts in Georgia, Syria, and Ukraine, and Cooperation over Nuclear Energy. *Insight Turkey* 16, 4.
- 6 Rossiisko-turetskoe voenno-tekhnicheskoe sotrudnichestvo [Russian-Turkish Military-technical cooperation]. Retrieved from <http://allturkey.narod.ru/armyrusturk.htm> [in Russian].
- 7 Kurtov, A. (1997). Turtsiia i tiurkioazychnye gosudarstva Tsentralnoi Azii: liubov po raschetu [Turkey and the Turkic-speaking states of Central Asia: A Love of Settlement]. *Rossiia i Turtsiia na poroge XXI veka — Russia and Turkey on the Threshold of the 21st Century*, 27 [in Russian].
- 8 Vinogradov, B. (2000). Turetskii marsh Ili Klebanova [Ilya Klebanov's Turkish March]. *Izvestiia – News*, 2 [in Russian].
- 9 Korotchenko, I. (2001). Spros na rossiiskoe oruzhie budet rasti [The demand for Russian weapons will grow]. *Nezavisimoe voennoe obozrenie — Independent military review*, 12 [in Russian].
- 10 O dinamike otnoshenii mezhdu Rossiiskoi Federatsiei i Turetskoi Respublikoi [On the dynamics of relations between the Russian Federation and the Republic of Turkey]. Retrieved from http://web.archive.org/web/201111008150224/http://www.turkey.mid.ru/hron2_u.html [in Russian].
- 11 Zaiavleniia dlia pressy po itogam rossiisko-turetskikh peregovorov [Press statements on the results of the Russian-Turkish talks]. Retrieved from <http://kremlin.ru/events/president/transcripts/23674> [in Russian].
- 12 Soglashenie mezhdu pravitelstvom Rossiiskoi Federatsii i pravitelstvom Turetskoi Respubliki o sotrudnichestve v oblasti ispolzovaniia atomnoi energii v mirnykh tseliakh [Agreement between the Government of the Russian Federation and the Government of the Republic of Turkey on cooperation in the Field of Peaceful Uses of Atomic Energy]. Retrieved from http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf [in Russian].
- 13 Soglashenie mezhdu pravitelstvom Rossiiskoi Federatsii i pravitelstvom Turetskoi Respubliki ob operativnom opoveshchenii o yadernoi avarii i ob otmene informatsiei o yadernykh ustanovkakh [Agreement between the Government of the Russian Federation and the Government of the Republic of Turkey on Prompt Notification of a Nuclear Accident and on the Exchange of Information on Nuclear Installations]. Retrieved from http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf [in Russian].
- 14 Memorandum mezhdu Federalnoi tamozhennoi sluzhboi Rossii i Tamozhennym departamentom Turetskoi Respubliki po tamozhennym protseduram [Memorandum between the Federal Customs Service of Russia and Customs Department of the Republic of Turkey on customs procedures]. Retrieved from http://archive.mid.ru/bdomp/spd_md/nsf [in Russian].
- 15 Turkey and Russia cozy up over missiles. *The Economist*. <https://www.economist.com/news/europe/21721665-their-relationship-should-worry-nato-turkey-and-russia-cozy-up-over-missiles>
- 16 Kasapoglu, C. (2017). Why Turkey might buy Russia's S-400 defense system. *Al Jazeera*. <https://www.aljazeera.com/indepth/opinion/2017/03/turkey-buy-russia-s400-missile-defense-system-170323131537509.html>.
- 17 Sitki Egeli. S-400 alimi, hava savunmasi, fuze savunmasi, NATO: Mitler ve Gercekler. [S-400 scholar, air defense, fuze defense, NATO: Myths and Realities] Retrieved from <https://www.kokpit.aero/s400-sitki-egeli> (erişim tarihi 27 Eylül 2017) [in Turkish].

18 Daniel, J. (2017). US relays concern to Turkey after NATO ally makes deposit to buy Russian defense system. <https://www.cnbc.com/2017/09/12/us-turkish-ties-continue-to-deteriorate>

19 EDAM BLOG.13.05.2019. Turk-Rus Savunma Isbirliği: Sieasi-Askeri Kapsam, Beklentiler ve Limitler. [Turkish-Russian defense cooperation: Political-Military Scope, Expectations and Limits]. Retrieved from <https://edam.org.tr/turk-rus-savunma-isbirligi-sieasi-askeri-kapsam-beklentiler-ve-limitler/> [in Turkish].

20 Turkiye. S-400 hava savunma sisteminin isletilmesi icin eve Rus uzmanegitmen gonderecek. [Turkey will send home a Russian expert-instructor for the operation of the S-400 air defense system] Retrieved from <https://tr.topwar.ru/183572-zarubezhnaja-pressa-turcija-> [in Turkish].

Букеетов университет